

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: бөбекжай-балабақшасы «Дарын»

Топ: ортаңғы «Еркетай»

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.04 - 26.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_Курманбаева Ж.К.

<i>Апта күндері</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл қүйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа зандағы өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қару және басқалар)</b>	<p><b>"Енбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуга арналаған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.</p>	<p><b>"Енбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.</p>	<p><b>"Енбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық,</p>	<p><b>"Енбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сұрту іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p><b>"Енбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су кую.</p>

		шанышқы, пышақты көйіп шығу іскерліктерін дамыту.		
<b>Иллюстрациялық суреттерді құрастыру</b> Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" такырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>	<b>"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойны.</b>  Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеуде дағдыларын калыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы. Барысы: әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.	<b>"Үй құрылышының ретін көрсет".</b>  Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Барысы: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. <b>(құрастыру)</b>	<b>Математика негіздерінен ойножаттығу</b>  "Өз орнымызды тауып алайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қағаз бетін бағдарлау іскерлігін жетілдіру; өз денесіне қатысты кеңістікті қабылдауга үйрету, сол жақ, он жақ, алдында, артында түрған баланы айту арқылы бағдарды ажыратуға үйрету; көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау қабілетін дамыту.	<b>"Қонақ қай елден?"</b> <b>заттармен ойналатын ойын.</b> Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін тандау; қуыршақты ұлттық киімге кийндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез кийндірсе, сол женеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты кийндіру; ұлттық би немесе ән орындау.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Жалпы дамытушы жаттығуы.</b> "Зырылдауық" жаттығуы. - Бастанқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.			

- қолды екі жаққа созу.
  - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айтуды.
  - қолды екі жаққа созу.
  - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу.
  - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біргіндеп жылдам айналдыру.  
"Тізені шапалақтау" жаттығуы.
  - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.
- 1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.
- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.  
"Сипаттаймыз" жаттығуы.
- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.
  - оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.
  - 4-5 рет еркін тыныс алу.  
"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.
  - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).
  - 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.
  - 3-4- бастапқы қалыпқа келу.

(дene шынықтыру)

#### **Гигиеналық дағдылар**

Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін күрғатып сұртууді, орамалды орнына ілүді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.  
Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.

#### *Көркем сөз*

Су-өмір жүрегі

Денсаулық тірегі.

Шөлдесен , қанасың.

Жуынсан, тазасың.

(мәдени-гигиеналық дағдылар)

#### **Танғы ас**

<p><b>Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>«Көңіл-күйді анықтау»</b> Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңің қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды ұнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жүппен орындаиды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және</p>	<p><b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылак.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.</b></p>	<p><b>«Мақтау сөздер айту»</b> Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Катысушылар шенбер күрып отырады, ал бір бала шенбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.</p>	<p><b>«Достық көмек»</b> Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейрімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шенберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.</p>
--	--	--	--	--	---

	қабылдағанын талқылайды.				
<b>Мектепке дейінгі үйим кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b>            "Достық күндей жарқырайды"            Мақсат-міндеттер.            Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қымылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>            "Достық шенберінде".            Мақсат-міндеттер.            Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b>            "Дауылпаз дабылы".            Мақсат-міндеттер.            Балаларды жаңа әуенде тындау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көнілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қымылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қымылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қымылдарын жасауда аяқты өкшемен және үшінша қоюға үйрету;</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>            "Ұлттар достығы".            Мақсат-міндеттер.            Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қымыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>            Бұл менің Отаным. Қазақстан. Мақсат-міндеттер. Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тындауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаган ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.</p>

			биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-эрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.		
<b>2- таңғы ас</b>	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Серуен</b>	Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)  Жұмбактар.  Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі)  Жөңкейді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)  Жұмбак.  Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. (Бұлт)  Бақылау. Табиғат құбылыстары	Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)  Жұмбак.  Аспанда әсем белбеуді, Алып белге буынсам. (Кемпірқосақ)  Бақылау. Балалармен	Өзендей бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)  Жұмбак.  Еркелеп жатамын, қантарда қатамын. (Көл)  Мақал-мәтел. Қалған көлге бақа	Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)  Көркем сөз.  Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбак.  Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тірегі бар, ізі жоқ,

<p>Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ наиза жерге сарт етті. (Найзағай)</p> <p>Бақылау. Найзағайдың жарқылдауын бақылау, наизағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы.</p> <p>Күннің күркіреуі әрбір наизағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды.</p> <p>Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстаяу керек екенін түсіндіру керек.</p> <p>Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»(тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)</p> <p>Сап тузеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қып жетуге</p>	<p>жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі.</p> <p>Женіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы құнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үрету.</p> <p>Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)</p> <p>Санамақ арқылы мысықты таңдал алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үрету,</p> <p>Еңбек. Табиғат жүмыс. (еңбек дағдылары)</p> <p>Еңбек. Бақшадағы жүмыс. (еңбек дағдылары)</p> <p>Өсімдіктерді қосыту. Өсімдіктерді құтуге</p>	<p>кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарau және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлутығына сүйіспеншілікпен қарау.</p> <p>Қымылды ойын: «Тұрлі-тұсті автомобилдер». (дене шынықтыру)</p> <p>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жүмыс. (еңбек дағдылары)</p> <p>Балаларды бөлме гүлдерін құтуге үрету: жапырақтарын сұрту, су бұрку.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p>	<p>басшы.</p> <p>Болжам.</p> <p>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.</p> <p>Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының өсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенде жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі</p>	<p>Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қытайды. (Балық) Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрган кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Қымылды ойын. «Көпірдегі лактар». (дене шынықтыру)</p> <p>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшандығын, ептілігін дамыту.</p> <p>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жүмыс. (еңбек дағдылары)</p> <p>Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су қую.</p>
--	---	---	--	--

<p>үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табигат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру.</p>	<p>баланың қатысуын кадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, есімдіктерге деген махабbat пен белсенділікті арттыру.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Велосипед тебу. (дене шынықтыру)</p> <p>Велосипед тебуді үйрету, тепе-тендік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті үйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.</p>	<p>Асфальтқа бормен сурет салу.</p> <p>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру.</p>	<p>түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдырып, есімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Қымылды ойын.</p> <p>«Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)</p> <p>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.</p> <p>Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Жаппаның астында ауарайының жағдайын</p>	<p>Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.</p>
--	---	---	--	---

				ескере отырып, іс-эрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз кімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынганның кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлышты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i>  Су-өмір жүргегі  Денсаулық тірегі.  Шөлдесең, қанасың.  Жуынсаң, тазасың.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел	Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Ғажайып табиғат әлемі".	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Достық шенбері	Сурет салудан ойын-жаттығу "Зәулім үй".	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қазақтың туыстық	«Сыпайы өтініш» Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке

<p><b>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарau және басқалар)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>оыйндар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздік оыйндар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау.</p>	<p>атаулары". Мақсат-міндеттер. Балаларды қазақтың тыстық атауларымен таныстыра отырып, әр тыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тындей білуге үйрету және жаттату.</p>	<p>тәрбиелеу. Балалар шенберге тұрады. Педагог түрлі бүйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалакта, көзінді жүм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара біргеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір- біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір- біріне тигізу) Қайтадан санауды</p>	<p>"Достық" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жана сөздермен толықтыру. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Куады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орап. 3. Қырда қырау Кызыл ала бұзау. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>«Адал достар» Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым- қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі- «теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шенберге тұрып, музыканың</p>	<p>"Достық" өлеңін жаттау. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттық баласы Достығымыз жарасқан. Ортақ бізге бір Отан, Ортақ жердің байлығы Еңбек ортақ, жыр ортақ, Ортақ бізге барлығы. Е.Елубаев <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>

	<p>бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>		<p>басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысуышылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысуышыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуды тиіс. Ойын осылай жалғасады.</p>
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылышқа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.		
Серуен	Тұскі серуендегі бақылауды жалғастыру. ( <b>қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> )		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )		
Кешкі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынганнын кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p>		

	<p>Устел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Су-өмір жүргегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең, қанасың. Жуынсан, тазасың.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұраптарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктең, жеткізуі үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Эн айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындаудағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p>

	<p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар үйымдастыру. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өзінің дene мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	<p>Психолог кеңесі.</p> <p>"Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"</p>